

**ҚМҚК «ҚАРАҒАНДЫ ЖОҒАРЫ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ»**

БЕКІТЕМІН

**Қарағанды жоғары политехникалық
колледжіннің директоры**

Ж.З. Рахимова

« 13 »

2018



**«ЖІГЕР» АЛҚАЛЫҚ ЖАСТАР КЕҢЕСІНІҢ
ЕРЕЖЕСІ
ЕР-ТЖ-15**

2018

ҚМҚК «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі»	«Жігер» алқалық жастар кеңесінің Ережесі ЕР-ТЖ-15 П0-ВР-01	8 бет	2 бет
		1 Редакция	

I Жалпы ереже

1.1. Қарағанды облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің «Жігер» облыстық жастар қозғалысы (әрі қарай – «Жігер») келесі нормативті-құқықтық актілердің негізінде жасалған аталған Ережеге сәйкес (әрі қарай – Ереже) құрылған және жұмыс жасайтын ерікті студенттік қозғалыс болып табылады. Қарағанды жоғары политехникалық колледжінде «Жігер» алқалық жастар кеңесі болып аталады.

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған) (02.02.2011ж. өзгерістер мен қосымшалар енгізілген).

- ҚР 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» №285-V заңы.

- 2013 жылғы 27 ақпандағы «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі №191 тұжырымдамасы.

- «Қазақстан республикасының білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңы (04.12.2015ж. өзгерістер мен қосымшалар енгізілген).

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы» 14.12.2012ж. жолдауы.

- 2011-2020жж. ҚР білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы.

- ҚР БЖҒМ 22.04.2015ж. «Тәрбие берудің тұжырымдамалық негізі» №227.

1.2. «Жігер» толық логотипі бар (*1 – қосымша*).

1.3. Қол қойылған меморандумдардың негізінде жастар бастамасын қолдау мен дамытуға бағытталған әр түрлі ұйымдармен «Жігердің» серіктестігі.

1.4. «Жігер» облыстық жастар қозғалысына «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы жетекшілік етеді.

II Қозғалыстың мақсаты мен міндеттері

2.1. Қозғалыстың мақсаты – колледж жастарының жан-жақты дамуына көмектесу, олардың рухани, мәдени, білім және кәсіптік тәрбиесін қалыптастыру, студенттік бастамаларды қолдау;

2.2. Міндеттері:

- Қазақстан республикасының жастар саясатын іске асыру;
- Студенттерге мемлекеттің әлеуметтік белсенді азаматтары ретінде жан-жақты дамуына жағдай жасау және қолдау.

- Студент жастардың қызығушылықтары мен құқықтарын қорғау.

- Студенттік мәселелерді шешу және бірігіп зерттеу.

- Республикалық және халықаралық жастар ұйымдарымен және қозғалыстармен ынтымақтастық.

ҚМҚК «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі»	«Жігер» алқалық жастар кеңесінің Ережесі ЕР-ТЖ-15	8 бет	3 бет
		1 Редакция	

- Колледж жастарының қызығушылығын біріктіретін бірінғай студенттік ұйым құру.

III Қозғалыстың негізгі қағидалары

3.1. Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің студенттері алқалық жастар кеңесінің мүшесі бола алады.

3.2. Қозғалыстың барлық мүшелері жас ерекшелігіне, діни сеніміне, физикалық ерекшелігіне, әлеуметтік және материалдық жағдайына т.б. қарамастан тең болып саналады.

3.3. Алқалы-кеңестің жетекшілері мен құрамын еркін таңдау ашық дауыс беру арқылы жүзеге асады.

3.4. Қозғалыстың мүшесі өз ісінде жауапкершілік, тәртіптілік, әдептілік, сауаттылық қағидаларын басшылыққа алады.

IV Қызметтің бағыты

4.1. «Жігер» өзінің ұйымдасқан құрылымында қозғалыс мүшелерінің жұмысы міндетті түрде жүргізілетін келесі бағыттарға ие:

- Зияткерлік клуб (пікірталастар, «Не? Қайда? Қашан?» турнирлері, викториналар мен зияткерлік ойындар, форум, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, әлеуметтік жоба мен бизнес жарыстар ұйымдастыру және өткізу, IT-бағытын дамыту, ғылыми қызметтер);

- Волонтерлік клуб (қайырымдылық және әлеуметтік жұмыстар, акциялар, қалалық, облыстық іс-шараларды жүзеге асыруға қатысу және көмектесу);

- Шығармашылық клуб (музыкалық, би және шығармашылық іс-шаралар – фестивальдар, концерттер, жарыстар және т.б. ұйымдастыру және өткізу).

4.2. Әр бағыт бойынша колледж директоры бекіткен ереже жасалады.

4.3. Сондай-ақ әр колледж кәсіпкерлік, блогерлік, туризм және т.б. қосымша бағыттар бойынша жұмыс жасай алады.

V «Жігер» ұйымдастыру құрылымы

5.1. Қарағанды облысының колледж студенттері «Жігер» құрамына кіреді.

5.2. «Жігер» қозғалысы Кеңесі колледждердегі қозғалыстың жоғарғы ұйымы болып табылады, қозғалыс қызметіне жалпы жетекшілік жасайды, жұмыс жоспарын құрады, өкілеттіліктерін бөледі, келісім-шарт жасайды, колледж басшысы мен студент арасындағы байланыс орнатады. Кеңес басында қозғалыс төрағасы болады.

5.3. Қозғалыстың ұйымдастыру құрылымы:

- колледж қозғалысының 1 төрағасы;

ҚМҚК «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі»	«Жігер» алқалық жастар кеңесінің Ережесі ЕР-ТЖ-15	8 бет	4 бет
		1 Редакция	

- қызметтің үш бағыты бойынша (зияткерлік, шығармашылық, волонтерлік) төрағаның 3 орынбасары (кураторлар, үйлестірушілер), әр бөлімнің старосталары;

- ұйымдастырушылық құрылымға, әкімшілік бөлімге, маркетинг, фото/бейнебаян, БАҚ жұмысына және т.б. жауапты кураторлар.

- әр бағыттағы қозғалыс мүшелері (10-15 адамнан – негізгі актив).

5.4. Қозғалыс үйлестірушісі жалпы әдістемелік, ұйымдастырушылық көмек көрсетеді. Қозғалыс үйлестірушісі жеке немесе профессорлік-оқытушылық құрамнан жасақталады.

5.5. Қозғалыс мүшелері оқу жылының басында ішкі және қалалық іс-шаралары бар жұмыс жоспарын жасап колледж директорымен бекітеді, 2 айда 1 рет алқалық жастар кеңесінің жалпы құрамымен жиналыс өткізеді, өткізу мерзімі мен жауаптыларды анықтайды, сондай-ақ «Сарыарқа дарыны» АҒПО облыстық жоспарын жүзеге асыру бойынша жұмыс жасайды. Шығармашылық есеп дайындайтын, мониторинг, жұмысқа талдама жасайтын, құжаттарды жүргізетін хатшы хатшы болу керек.

5.6. Қозғалыс үйлестірушісі мен колледж директоры қозғалыс мүшелеріне қажетті құралдармен, техникамен (стенд, үстел, компьютерлер, ғаламторға шығу және т.б.) жабдықталған кабинетпен қамтамасыз ету керек, футболка, қалпақ, төсбелгі т.б. ерекше белгілер жасауға болады. Аталған кабинетте қозғалыстың кеңесі мен жиналыстар өткізіледі. Кабинетте қозғалыстың рәміздер, әдістемелік құжаттар (жұмыс жоспары, ереже), жұмыс орны, кеңес өткізетін үстел және т.б. болу керек.

5.7. Берілген ережеге сәйкес қозғалыс үйлестірушісі ретінде колледж директорының бұйрығымен колледж оқытушылары тағайындалады.

5.8. Қозғалысқа кіруге тілек білдірген студент Анкета толтырады және Кеңеске жүгінеді (*Қосымша 2*). Қозғалысқа жанадан енген мүшеге жауапты (хатшы) қажетті құжаттармен айналысып, қозғалыс мүшелерінің базасын жасайды. Студент жеке толтырған Анкетасы негізінде қозғалыс ресми мүшесі болып саналады.

VI Қозғалыс мүшелері мен төрағалары

6.1. Колледж төрағасы құқылы:

- колледж директорының бұйрығына сәйкес колледждің педагогикалық кеңесінің құрамына кіреді;

- колледжде «Жігердің» ұйымдастырушылық қызметіне қатысты күн тәртібіндегі сұрақтармен колледждің педагогикалық кеңесінің отырысына қатысуға;

- қозғалыс үйлестірушісінің келісімі бойынша педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіне сұрақ қоюға ұсыныс жасауға;

- алдағы кезекті және кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы және қарастыратын сұрақтар жөнінде ақпарат алу;

ҚМҚК «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі»	«Жігер» алқалық жастар кеңесінің Ережесі ЕР-ТЖ-15	8 бет	5 бет
		1 Редакция	

- колледждегі атаулы және арнайы стипендияға үміткер, сондай-ақ қозғалыс өкілдерін аталған стипендияға ұсыну;

- жастардың шығармашылық және спорттық, зияткерлік қабілетін дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу;

- колледж студенттерінің тұрмыстық және әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесін шешу бойынша жобалар мен идеялар ұсыну, жатақханалар мен асханаларға рейдтер мен тексеріс ұйымдастыру.

6.2. Колледж төрағасы мен қозғалыс мүшелері міндетті:

- «Сарыарқа дарыны» АҒПО және облыстық штаб өкіліне, үйлестірушіге, колледж директорына «Жігердің» қызметі жөнінде есеп құжаттарды уақытылы тапсыру;

- колледждің номенклатурасына сәйкес «Жігердің» қызметтік құжаттарын жүргізу;

- облыстық жұмыс жоспары мен колледждің ішкі жұмыс жоспарының орындалуын жүзеге асыру, бекітілген Ереженің орындалуын қадағалау;

- алға қойылған міндеттерді уақытылы және сапалы орындау;

- еңбек тәртіптілігін сақтау, өндірістік мақсатта пайдалануға берген мүлікті сақтау;

- ҚР заңнамасын, сондай-ақ берілген Ережеде карастырылған нормаларды сақтау;

- облыстық іс-шараларды өткізуге қолдау көрсету, облыстық штабпен бірге жұмыс жасау;

- «Сарыарқа дарыны» АҒПО мен облыстық штабқа жасалған жұмыс жөнінде есеп беру.

VII Қозғалыстың үйлестірушілері

7.1. Колледждегі қозғалыс үйлестірушілері құқылы:

- колледж директорының бұйрығына сәйкес колледждің педагогикалық кеңесінің құрамына кіреді;

- төраға қызметіне қозғалыстың үміткерлері бойынша ұсыныс жасау;

- қозғалыс төрағасынан жұмыс жоспарының орындалуы мен қызметі жөнінде ақпарат сұрау;

- колледж директорына қозғалыс мүшелерінің үміткерлігін стипендия мен басқа да мадақтауларға ұсыну.

7.2. Қозғалыс үйлестірушісі міндетті:

- «Сарыарқа дарыны» АҒПО, колледж директорына «Жігердің қызметі жөнінде есептік құжаттарды уақытылы тапсыру;

- колледж номенклатурасына сәйкес «Жігер» қызметінің құжаттарын жүргізуге көмек көрсету;

- қозғалыстың жұмыс жоспарының орындалуын бақылау, аталған Ереже талаптарының сәйкестілігін бақылау;

ҚМҚК «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі»	«Жігер» алқалық жастар кеңесінің Ережесі ЕР-ТЖ-15	8 бет	6 бет
		1 Редакция	

- қозғалыс мүшелеріне әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету;

- облыстық штабпен бірге жұмыс жасау;
- колледж студенттері арасында аталған қозғалысқа кіруді белсенді насихаттау, қозғалыс мүшелерінің облыстық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету;

- «Сарыарқа дарыны» АҒПЮ талабы бойынша қажетті құжаттарды тапсыру;

- қозғалыс мүшелерін жеке кабинетпен қамтамасыз ету, іс-шараларды өткізу кезінде және қозғалысты жалпы ұйымдастыру үшін типографиялық және басқа да қызмет мүмкіндігіне қолдау жасау.

VIII Сайлау

8.1. Колледжде жастар қозғалысының жұмысы үшін берілген Ережеге сүйеніп қозғалыс төрағасының сайлауы өтеді;

8.2. Кезектен тыс сайлаудан бөлек, егер студент колледж бітірсе немесе төрағалықтан ерікті түрде шықса, сондай-ақ колледж директорының шешімі бойынша колледждегі қозғалыс төрағасының сайлауы әр екі жыл сайын өткізіледі.

8.3. Төрағалық қызметке екі немесе одан көп үміткерлер ұсынылады, олар бір апта бойы өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді, халықтың алдына шығады. Сол уақыт ішінде анкета түрінде дауыс беру бойынша студенттер үміткерге дауыс береді.

8.4. Қозғалыс үйлестірушісі үміткердің аты-жөні жазылған, қарама-қарсы бағанда белгі қоюға болатын анкета дайындайды. Студенттер үміткерге бағанға белгі қою арқылы дауыс беріп, содан кейін анкетаны жәшікке салады. Сайлау соңында қозғалыс үйлестіруші құрған комиссия жәшікті ашып дауыс санын санайды. Ең жоғары дауыс жинаған үміткер 2 жыл мерзімге қозғалыс төрағасы қызметіне тағайындалады. Комиссия хатшысы төрағаны сайлау қорытындысының хаттамасы мен ашу хаттамасын міндетті түрде толтыру керек.

IX Колледж директоры

9.1. Колледж директоры қозғалыс төрағасы мен үйлестірушіге әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау жасайды;

9.2. Қозғалыс төрағасына стипендия бөледі, сондай-ақ қозғалыстың белсенді мүшелеріне стипендия бөлуге құқығы бар. Егер қозғалыс төрағасы өзінің өкілеттілігін жүзеге асыра алмаған жағдайда, директор оны стипендиаттар құрамынан шығара алады;

ҚМҚК «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі»	«Жігер» алқалық жастар кеңесінің Ережесі ЕР-ТЖ-15	8 бет	7 бет
		1 Редакция	

9.3. Қозғалыс мүшелерін қажетті құралдармен (үстел, орындық, компьютер, стенділер және т.б.) жабдықталған жеке кабинетпен қамтамасыз етеді;

9.4. Ішкі іс-шаралар өткізуге материалдық қолдау жасайды (дипломдар, сыйлықтар және т.б.), қозғалыс мүшелерін қажетті атрибутикалармен қамтамасыз етеді (төсбелгі, шарф, футболка және т.б.), сондай-ақ білім басқармасы, «Сарыарқа дарыны» АҒПО және облыстық штаб ұйымдастырған облыстық іс-шараларға қозғалыс мүшелерін міндетті түрде қатыстырады және қаражат бөледі.

ҚМҚК «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі»	«Жігер» алқалық жастар кеңесінің Ережесі ЕР-ТЖ-15	8 бет	8 бет
		1 Редакция	

2-қосымша

**«Жігер» облыстық жастар қозғалысының
құрамына кіру
АНКЕТАСЫ**

Колледж атауы:	
Қатысушының аты-жөні:	
Туған жылы:	
Мекен-жайы:	
Байланыс телефоны:	
Электронды поштасы:	
Тобы:	
Мамандығы:	
Менгерген тілдері:	
Дағдылары (ән айту, би билеу, музыкалық аспаптар, спорт және т.б.):	
Сіздің хоббиіңіз:	
«Жігер» қозғалысы туралы қайдан білдіңіз (таныстардан, үйлестірушіден, қозғалыс мүшелерінен, әлеуметтік желіден және т.б.)?	
Сіздің жетістіктеріңіз бен жобаларыңыз (жүлделі орындар, сертификаттар және т.б.)?	
Анкетаны толтырған күні:	
Жеке қолы:	